

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

### Мемлекеттік қызметшілердің іскерлік киімі туралы негізгі ұсынымдары

Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және жауаптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтің өзіндік ерекшелігі мемлекеттік қызметшілердің сыртқы келбетіне ерекше талап қояды. Іскерлік адамның сыртқы келбеті – жетістікке жеткізудің бірінші қадамы, қоғам үшін мемлекеттік қызметшінің сырт келбеті, сыпайылықтың дәрежесін куәландыратын «код» болып саналады.

Іскерлік стиль – кертартпалық, қатаңдық және ұстамдылықпен ерекшеленеді. Бұл тігінді таңдауға – түстерге, пішімге, сол сияқты аксессуарларға да қатысты. Барлығы айқын және анықталған болуы тиіс – формасы, сызығы және силуэт. Киім қызметкердің іскерлік сапасынан назарды бұрмауы қажет.

Іскерлік стильдің басты қағидалары:

- минималдылық;
- бөлінбеушілік шеберлігі;
- іскерлік ахуалдың кез келген жерінде үйлесімді көріне білуі – жұмыс уақытында офисте, конференц-залдағы байсалды келіссөздерде және т.б.

Киімге қойылатын негізгі талаптар – ұқыптылық, мұнтаздылық, жайлылық және сыртқы бейнеге шамданудың болмауы. Киімдер көлем бойынша ерекшеленуі мүмкін, яғни іс-қимылға кедергі жасамауы тиіс, сондай-ақ байсалды көрінуі қажет. Жыл мезгілдеріне байланысты киімдер байсалдылық пен сырбаздық талаптарын сақтай отырып түсі мен тігіні әр түрлі болуы мүмкін.

Киімдердің түстері классикалық стилге сәйкес келуі тиіс, тым ашық шұбар түстілер қолдануға болмайды. Костюм мен көйлекке сәйкес келетін түстер - ашық немесе қоңыр түстер. Киімге үш негізгі түстен көп түстілерді бірдей қолдану ұсынылмайды.

Мемлекеттік қызметшілердің киімінде жұлынған немесе жартылай жұлынған түймелердің болуына, қыртысталған костюм, ескірген жейде, дұрыс тағылмаған галстук, тазаланбаған аяқ киім, спорттық немесе пляждық стилдегі киім және аяқ киімдер, шолақ шалбарлар, ашық сарафандар, теннискалар, спорттық жемпірлер, кроссовкаларды киюге жол берілмейді.

Қысқы мезгілдерде ауыстырмалы аяқ киімдерді қолдану ұсынылады.

Мемлекеттік қызметшінің аяқ киімі барлық уақытта да таза жүретін классикалық стильдегі туфли (әшекейсіз) болғаны дұрыс.

Іскерлік стиль шалбар мен пиджактан тұратын немесе белдемше мен пиджактан тұратын костюмды, пиджак, жилетка, шалбар немесе белдемшеден тұратын тройка костюмды шамалайды.

Классикалық гардеробтың сұрыптамасы әр түрлі. Әйелдің киіміне пальто, көйлек, жакет, кардиган, жилет, белдемше мен шалбар, сондай-ақ нымшалар жатады. Ерлер киімінің ассортиментіне көйлек, классикалық стильдегі шалбар, пиджак, жилет, костюм және т.б. жатады. Осы заттардың барлығының үйлесімділігі жан-жақты, алайда, классикалық стильге апару үшін әр затқа ерекше талаптар қойылады.

Мемлекеттік қызметшілерге – әйелдерге іш киімдері көрінетін ашық нымшалар, кең ойылған көйлек, қысқа белдемшелер, дене пішінін тартып тұратын шалбарлар кию ұсынылмайды.

Іскерлік классикалық үлгідегі киімдерге қарапайым және шынайылыққа жақын макияждар сәйкес келеді, ол назар салмауы және көзге түспеуі тиіс. Еріндік далаптан шынайылыққа жақын түстері сәйкес келеді және тым ашық түстілерге жол берілмейді. Іскерлік стильдегі маникюрлерге кез келген түстер сәйкес келеді, ең бастысы түрі тым ашық немесе көзге түсетіндей болмауы тиіс, шаш түстері табиғи түске жақын болуы тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің іскерлік киімдері барынша аз аксессуарларды қалайды және киімнің қатаңдатылған, ұқыпталған және барынша азайтылған әрлеуден тұрады.

Сонымен қатар, аталған талаптар ұсыным ретінде жасалған және соңғы шешімді мемлекеттік қызметшінің өзі Әдеп кодексінің талаптарына сай қабылдауы тиіс.